

**МУЗЫКАЛЫҚ ТҮРКІТАНУ:
АСПАП АТАУЛАРЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ**
**MUSICAL TURKOLOGY: THE PROBLEM OF RESEARCHING THE
NAMES OF INSTRUMENTS**

Гулжамал КОРТАБАЕВА*
Мәлике ШАЙХЫСТАМОВА**

Түйіндемe

Әр халықтың, әр елдің өз музыкадану сынды өз мектептері, өз даму жолдары бар. Түркітiлдес халықтардың тарихы, мәдениетi – жалпы рухани құндылықтары бiр ғана тектен бастау алған, осыдан олардың ортақ түркілік дүниетаным, ұлттық менталитет қалыптасқан. Ұлы далада ғұмыр кешкен көшпелi халқымыздың сан ғасырлық тарихынан бастау алған музыкалық аспаптар жаратылыс құбылыстарымен үндестiкте дамыды. Музыкалық аспаптар – халық тұрмыс-тiршiлiгiнiң, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрiнiң, дүниетанымының тарихы, өнердегi басты мұрасы, рухани-мәдени байлығы. Бүгiнгi күнде түркі халықтарының музыкалық аспаптары халық мәдениетiнiң тарихынан сыр шертетiн жәдiгерлер қатарынан табылады.

Түркітiлдес халықтардың музыкасын, соның iшiнде дәстүрлi музыкалық аспаптарын зерттеу – музыкалық түркітанудың маңызды мiндеттерiнiң бiрi. Түркі халықтарына ортақ музыкалық аспаптардың түрлерiн, құрылымын, топтарын (үрмелi, ұрмалы, ыспалы, шертпелi) анықтап ған қоймай, киелi аспаптардың аңыздық, символдық жағын, айырмашылығы мен ұқсастықтарын салыстыра зерттеу де өзектi.

Мақалада бақсылардың дiни жоралғы, наным-сенiмдерiнде қолданылатын даңғыра, дабыл, асатаяқ, қобыз, сыбызғы сынды өзге де аспаптардың функциясы сөз етiледi.

Кiлт сөздер: музыкалық түркітану, түркі музыкасы, музыкалық аспаптар, тiлдiк бейне.

*Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетi, Алматы, Қазақстан.

Associate professor of al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan. E-mail: turki_alemi@mail.ru

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрiк университетiнiң PhD докторанты, Түркология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкерi, Түркістан, Қазақстан.

PhD student of H.A.Yassawi International Kazakh-Turkish University, SR of Turkology Research Institute, Turkistan, Kazakhstan. E-mail: 83_malika@mail.ru

Summary

Each nation, each country has its own music school, has its own way of development. The history and culture of Turkic-speaking peoples - their spiritual values all started from one genus - their common Turkic worldview and national mentality. It began with the centuries-old history of our nomadic people living in the Great veld, developed in harmony with the phenomena of nature. Musical instruments of the Turkic people are among the exhibits of the history of the culture of each nation.

Musical instruments - the history of people's life, customs and traditions, world outlook, main heritage of the art, spiritual and cultural wealth. From the depth of the history of music culture, it is surprising that the variety of musical instruments is made of wood, iron, clay, animal skin, bone, and even intestine, and other non-woven materials. Today, the study of music culture of all Turkic peoples, including traditional musical instruments, is one of the most important tasks of musical Turkic. Comparing the legendary, linguistic, symbolic tone, difference and similarity of the types, structures, groups of wind musical instruments is an important task for Turkic nations. Instruments like a dangyra, dabyl, asatayak, kobyz, sybyzgy which used by shamans in religious rituals will be considered in this article.

Key words: Musical Turkic studies, Turkic music, musical instruments.

Кіріспе

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі уақыттарда түркі елдерімен мәдени қарым-қатынасты нығайтып, музыка саласында да көптеген жұмыстар қолға алынып, атқарылды. Сондай маңызды жұмыстың бірі – музыкалық түркітану саласын жандандыру болды.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін 1994 жылы ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов пен Болат Қарақұловтың басшылығымен «Түркі халықтарының музыкасы» атты алғашқы түркітілдес халықтарың ғалымдарының басын бір жерге қосқан симпозиум болды. Мақсаты да түркі халықтары арасындағы музыкалық фольклордың даму жолдарын талқылау, түркілерді жақындастыру мен әлемге мәдениетін таныстыру болды. Осы кезден бастап, музыкалық түркітануда біршама серпіліс болды.

2005-2006 жылдардан бері түркі халықтарының дәстүрлі музыкасы насихатталып, концерт, халықаралық конференциялар Қазақстанда, өзге де түркітілдес елдерде ұйымдастырғанын атай кетейік: «Түркі халықтарының музыкасы: қазірі мен болашағы», «Қорқыт және Ұлы дала музыкасы», «Түркі халықтарының музыкасы» (Қызылорда, 2006, 2011, 2014); «Түркі халықтарының музыкалық аспаптары» (Баку, 2010); «Түркі халықтары әдебиеті мен музыкасының бастауы мен дамуы» (Қазан, 2014).

Түркітілдес халықтардың музыкалық мәдениетін зерттеу еш уақытта өзектілігін жоғалтқан емес. Бүгінге дейін жарияланған монографиялар, ғылыми зерттеулер мен мақалалардың аз-көптігіне

қарамастан, зерттелуі мен шешілуі тиіс мәселелердің болуы заңды құбылыс. Зерттеуді қажет ететін осындай жұмыстардың бірі – түркі халықтарының музыкалық аспаптары.

Түркітілдес халықтардың ұлттық музыкалық аспап атауларының пайда болуы, қалыптасуы мен дамуы, таралуы, олардың дыбыстық ерекшеліктері мен жасалу тәсілдері, жасалатын заттары, біршама зерттелінді десек те, этнолингвистикалық, ономасиологиялық, паремиологиялық, функционалдық қырлары толық ашылды деуге болмас.

XVIII ғасырларда түркі жерлеріне келген саяхатшылардың жазбаларын айтуға болады. Петербург Ғылым Академиясы мүшелері болған П. С. Паллас, И. И. Лепехин және С. Г. Гмелин экспедицияны басқарып, татар, башқұрт, қазақ, якут, қарағас, өзге де мари, умруд, ханты, манси, эвенкі сынды халықтардың тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен, мәдениетімен танысып, құнды мәліметтер жинастырады. П. С. Палластың өзі Орал бойымен жүріп, Орал жеріндегі қазақ ауылдарда қобыз аспабында қалай ойнағандарын, тіпті бақыстардың барабанды (даңғыра/дабыл) соққылап, билегендерін, кейде тіпті, қобызда да ойнағандарын жазып қалдырған.

Түркітілдес халықтардың әрқайсысына тән музыкалық мұралары жеке-жеке зерттелінгенімен, бүгінгі таңда салыстырмалы тұрғыдан зерттелінген еңбектер аз. Қазақ музыкалық аспаптарын Сібір халықтарының аспаптарымен салыстыра зерттеген Б. Сарыбаев, З. Жәкішева, А. Эйхгорн, В. В. Виноградов, Б. Г. Ерзакович, Т. Вызго, В. Беляев, М. Н. Жирков, А. И. Чахов, П. Тихов, С. Өтеғалиева, Б. Қарақұлов, А. Сейдімбек, Феза Тансуг, П. Аравин, Л. Коваль, Ж. Нажмеденов, Е. Карелина, Н. А. Аведов, В. Сузукей сынды ғалымдар мен музыкатанушылар түркі халықтарының музыкалық мұраларының зерттелуіне үлкен үлес қосты (Утеғалиева, 2005).

Түркітілдес халықтардың музыкалық аспап атаулары

Солтүстікте Якутиядан Жерорта теңізі алқабына дейінгі аумақта түркі тілдес елдер мекендейді, яғни Байқалдан Балқанға дейінгі аумақта түркі музыкасы да өмір сүріп келеді.

Ғалым Ақселеу Сейдімбек: «Дүниеге көшпелілер қайталанбас ғажайып өнер сыйлай алды. Олар адамдық болмысты тәңірлік болмыспен шендестіруді армандау арқылы өнерлеріне мейлінше асқақ рух дарытты. Сол асқақ рухты өнерлерінің ішінде Тәңірдің тіліне баланған ең күдіреттісі музыкасы болды», - дейді («Түркі өнері» антологиясы, 2014).

Музыкалық аспаптардың ыспалы, үрмелі, ұрмалы, шертпелі деп аталатын түрлері бар.

Ежелгі түркі жазбаларында кейбір аспаптар түркі тілдерінде бүгінге дейін сақталған: *чанг, сырнай, жетіген, накара, шаңқобыз, сыбызғы, дабыл, керней, абырға* сынды аспаптар жатады.

Түркітілдес халықтардың дәстүрлі музыкалық аспаптар тарихына, этникалық тегіне, құрылысына, дыбысына, жасалу әдіс-тәсілі мен затына көңіл аударып, толыққанды ғылыми негіздеме жасаған «Шығыстың Аристотелі» атанған, ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби көне музыкалық аспаптардың шығу тегін табиғаттағы дауыспен байланыстырады. Мысалы, құмның сусылы, үңгірлерде желдің үілдеп соғуы, қамыстың сыбдыры т.б. дыбыстар. Зерттеушілер қазақтың *үскірік* аспабының аталуын желдің үскіріп соғуымен байланыстырады.

Арфаның шығу тегін Фараби *садақ* деп жазады. Әуел баста оған екі ішек қана тағылған, кейін он үшке дейін жеткен, жаңғырық шығаратын шанақ пен құлақтар орнатылған. Оның айтуынша, көне арфаның басы мен шанағы аққудың бейнесінен аумайды екен, ал шығаратын даусы аққудың қиқулаған үніндей болған.

Түрік ғалымдарының көне жазбаларында *дабыл/давул* туралы деректер бар; дабыл Азия жерінен шыққан аспап, 1135 жылы жазылған Қытай жылнамаларында кездеседі. Ертеде римдіктер мен гректер дабыл аспабының не екендігінен хабарсыз болған дейді, олар ғұн әскерлері дабыл қағып шауып келе жатқанда, дабылдың ерекше соғылған даусынан қорқып, қашқандары айтылады.

Ғұн жігітіне тұрмысқа шыққан Қытайдың ханшайымы ғұндықтардың дабылда қалай ойнайтындарын мынадай өлең жолдарымен жеткізген екен:

Davulu her gece durmaz döverler

Ta güneşler doğana dek dönerler.

Сонда дабыл аспабының тарихының тым тереңде екенін, сонау ғұндар өмір сүрген кезде соғыс жағдайларында қолданылған деп топшылауға болады.

Қазақ	Қырғыз	Өзбек	Түрік	Татар	Әзірбайжан
Дабыл	дообул	даул	давул	дабул	тэбль

Сахалар дабылдың даусы анық қатты шығу үшін оны отқа қақтап кептірген. Дөңгелек пішінді бұл дабылдың сыртында отбасы суреті бейнеленген. Сыртын айнала былғарымен қаптаған дабылдың ішінде айқасып байланған темір тұтқа болады. Оны «тунгюр быэрик» деп атайды. Сондай-ақ дабылдың ішінде қосымша дыбыс шығару үшін дабылшалар іледі. Шаман сол қолына орташа келген қол тоқпақты ұстап ұрғылайды. Қол тоқпақ ағаштан жасалып, биенің терісі немесе бұғының аяқ терісімен қапталады (Кулаковский, 1979: 7-10).

Ертеден ел арасында сақталған түркітілдес халықтардың музыкалық аспаптары өзінің өміршендігімен ерекшеленеді, ұқсастықтары мен айырмашылықтары да аз емес. Мәселен, Сібір түркілеріндегі *топиур*, *ыық*, *иккили* сынды ішекті аспаптары қазақтың *шертер*, *домбыра*, *қылқобыз* аспаптарына өте жақын.

Сыбызғы:

- башқұрттарда – *қурай*;
- қырғыздарда – *чоор*,
- тывада – *шоор*.

Домбыра:

- қырым татарларында – *дамбура*;
- тываларда – *дамбыра*;
- моңғол түркілерінде – *домбор*;
- түрікмендерде – *тамдыра*,
- түріктерде – *дамбура*,
- шорларда *дамре* болса, өзбек, башқұрт, ноғайда – *думбыра* деп аталады.

Ұйғыр халқының *дутар*, *най*, *сатар*, *тамбир* аспаптары өзбек халқының *дутар*, ауған түркілерінің *тар*, тәжікті *дотор* аспаптарымен ұқсас келеді. Ал Түркияның Анадолы аймағында кең таралған ұлттық *баглама* (*bağlama*), *джура*, *бозук*, *тамбур* аспаптары Орта Азия түркілерінің аспаптарымен үндес.

Қобыз аспабының ерекшелігі

Типологиялық жағынан алып қарағанда қырғыздардың қомузына ұқсас қазақтарда домбыра, башқұрттарда думбыра, эзирбайжандарда гопуз, түріктерде копуз, хакастарда хомыс және якуттарда тангсыр бар. Сонымен қатар, темир-қомуз/ооз қомуз бар (Жәкішева, 2008).

IX-X ғасырларда «Китаби Деде Қорқыт» атты оғыз эпосынан белгілі қобыз ішекті аспаптардың ішіндегі ең көнесі десек қателеспеспіз.

Осы тұрғыдан қырғыз халқындағы қыл-қияқ осы қазақ халқындағы қобыз болса керек.

Қырғыз халқында көне заманнан келе жатқан «какма» аспабы *темир қомуз (темир ооз комуз)* – темірден жасалған сүйір тілшесі бар музыкалық аспап. Ұзындығы – 6-7 см құрайды. Әдетте аспапты жезден, күмістен, мыстан жасайды. Ортасында оң қолдың саусағымен ұстап тұратын «шанышқы» тәріздес «тілшесі» болады. Аспапта ойнау тәсілі де өзгеше. Темир қомусты ерінге қойып, тіске тіреп ойнайды. Аспап дыбысы тілшені саусақпен шалып тартқан кезде серіппенің тербелісі арқылы шығады. Ауыз қуысы аспап резонансдың қызметін атқарады. Қырғыз халқының дәстүрі бойынша, темир қомузды жаңа туылған нәрестенің бесігінің жанында тартса ақылды, талантты баланың өсуіне себеп болады дейді («Кыргызские национальные инструменты: неповторимый колорит древности»).

Аспап көптеген халықтарда әр түрлі атпен кездеседі. *Шаңқобыз, темір қомыз, чангкобуз, кубыз, тумра, коусян* т.б. атаумен темир қомузға ұқсас аспаптар *қазақ, өзбек, түрікмен, тува, якут, хакас, татар, қарақалпақ, дүнген, башқұрт, моңғол* т.б. халықтары арасында кең тараған. Түркі халықтары қобыздың негізін салушы Қорқыт деп таниды. Қобыз – қазақтарда ысқымен ойналатын, кең тараған аспап. Эйхгорн қобызды «қазақтардың негізгі аспабы» деп атап көрсеткен.

Чоор – қырғыз мәдениетінде орны ерекше аспап деуге болады. Негізінде чоор Қырғызстанның оңтүстік аймағынада малшылардың аспабы ретінде кеңінен таралған. *Чоорда* ойнайтын адамдарды *чоорчу* деп атайды.

Зерттеушілердің біразы чоордың түрлерінің көп екендігін және жасалатын материалының түрлеріне қарап рулық аспаптар қатарына жатқызады, мысалы: *чогойно чоор* (ошағаннан жасалған), *камыш чоор* (қамыстан), *шилби чоор* (бөріжидектен), *сары жыгач чоор* (бөріқарақаттан), *балтырқан чоор* (балдырған мен басқа да өсімдіктерден), *жез чоор* (балдан) деп бөледі (Жәкішева, 2008).

Чоорға ұқсас аспап: алтайлықтар мен тувалықтарда – *шоор*, башқұрттарда *курай*, түрікмендерде – *гаргы тюйдук*.

Сыбызғы қазақ, өзбек (сибизик), татар, башқұрт халықтарында кездеседі. Сыбызғыны тұт ағашынан, өрік ағашынан, бөріқарақаттан, қамыстан, мыстан дайындайды. Аспаптың ұзындығы 50 см құрайды, диаметрі – 2 см шамасында болады. Бұрыннан келе жатқан аспаптың дыбыс шығаратын 6-7 тесігі, ал жетілдірілген түрінің 10 тесігі болады.

Үрмелі аспап түрлері

Үрмелі аспаптардың қатарынан *сыбызғы* ертеден келе жатқан, дала үнімен үндестікте туындаған аспап. Түркілер ертеде Көк Тәңіріге табынған, қазақтар да көк Тәңіріге табынғандықтан көк түсті қойды айырықша бағалап, сыбызғыны көк қойдың өңешімен қаптап жасайтын болған. Түркілер арасында төлді телу барысында сыбызғы үні де жиі қолданылған. «...Қазақтар ботасынан жеріген інгенді сыбызғы үнімен сиқырлап, ұйытып, елітіп, ботасын телу әдісін қолданатын болған. Бұл әдіс *тувалықтар* арасында көмей әуенімен, ал халхаларда лимбэ аталатын сыбызғыға ұқсас үрмелі аспаптың көмегімен атқаралады» («Кыргызские национальные инструменты: неповторимый колорит древности»).

Сурнай – кыргыздың ұзынша келген, төменгі бөлігі ашық түтікше түрінде келген, қамыстан жасалған үрмелі аспабы. Бұл аспап добулбаспен, кернеймен бірге түрлі жорықтарда, ат шабыстарда, ер адамдардың түрлі сайыстарында, тіпті той-думандарда ойналған. «Манас» жырында «*сурнай кулак тундуруп*», «*сурнай үнү такылдап*» деп сипатталады.

Керней – кыргыздың ұлттық үрмелі аспабы, керней мен сурнай ансамбльде, оркестрде ойнауға арналып жанартылып жасалмаған, тек қана дәстүрлі аспап ретінде қалған. Дыбысы өте күшті. Кернейдің екі түрі бар – *муйуз керней* (мүйіз керней) және *жез керней*. Муйуз керней – ертеден келе жатқан ескі аспап. Оны тауешкінің мүйізінен жасайды, ал оның ұзындығы 3-40 см құрайды. Ал жез керней ұзын келген 1-2 метрді құрайтын аспап. Жалпы кернейге өзбек пен ұйғыр халықтарындағы карнай аспабы ұқсайды. Кернейдің дыбысы өте күшті, қатты, ашық кеңістікте шырқауға арналған («Кыргызские национальные инструменты: неповторимый колорит древности»).

Добулбаш/добулбас – ұлттық ұрмалы аспап. Ол адамның көркем ойлауына әсер ететін бірден-бір мықты құрал саналады. Добулбаш бір жақты, төбесі түйенің терісімен қапталған барабан. Арша ағашынан жасалған, биіктігі 60 см аспайды, мамбрананың диаметрі 52-30 см құрайды. Барабанның дауысы қамшымен немесе алақанмен ұру арқылы шығады. Дыбысы өте күшті. Добулбас аспабының алғашқы үлгілерін Ош облысында тұратын шеберлер жасаған. Кыргыз республикасының баспасөз беттерінде бұл туралы «Қыргыз халқының көне музыкалық аспабы барабан добулбаш қайта шырқалды. Мәңгіге жоғалған мұрамызды Т.Эргеш атты шебер ескі аспапты қайта қарап, жаңасын

жасады» делінген. Осылайша, шебер добулбаш аспабының үш түрін жасады – үлкен, орташа және кіші.

Доол – пішіні шағын ғана, ағаштан немесе металды қаптамадан жасалатын алтын түстес барабан. Ағаш таяқшамен ұру арқылы дыбысы шығады. Ертеде оның көмегімен шамандар адамдар арасындағы жауыз рухтардан тазартатын.

Ғұрыптық-салт дәстүрлерде музыкалық аспаптардың алар орны

Соқпалы-шулы аспаптардың діни-ғұрыптық қолданысқа жататын көне үлгілері ерте дәуірлерден бастау алып, өз даму арнасын діни-ғұрыптық ұстанымдармен, мифтік аңыздармен, магиялық жоралғылармен байланысты болғанын көреміз. Себебі, ертедегі дін мен халықтың тұрмысы бір-бірімен байланыста болып, бірге дамыды. Қандай да бір ұлттың, ұлыстың, тайпа мен халықтың діни-ғұрыптық салттары мен жоралғыларына қарайтын болсақ ұштастықты, ажырамас байланысты көреміз. Соқпалы-шулы аспаптардың ішінде *асатаяқ, даңғыра, қол дабыл аспаптары* діни-ғұрыптық жоралғыларда көптеп қолданылды.

Бұлар – алғашқы қауымдық қоғамда жыртқыш андарды үркітіп, қорғанатын қару-жарақтар ретінде пайдаланылып, уақыт өте келе діни-ғұрыптық салттарда қолданылатын болды (Жәкішева).

Дәстүрлі музыкалық аспаптар тарихында бақсы мен бақсылық дәстүр (шаманизм) ерекше орын алады. Ал ертеде бақсылар түрлі ғұрыптық жоралғыларында міндетті түрде соқпалы, ыспалы, шулы-сылдырлы аспаптардың көмегімен атқарған. Бақсы қобызының басын қозғағанда сыңғырлап дыбыс беретін салпыншақтар, қоңыраушалар, айна, кейде үкі де тағылатын. Сонымен бірге, бақсылар ем жасау кезінде өзге де музыкалық сазды аспаптар: асатаяқ, даңғыра, домбырамен қатар, қамшы, тіпті пышақ та пайдаланған (Сарыбаев, 1980).

Мәселен, хакас халқында бақсылық діни жоралғылар кезінде қол ұстасқан 9 ұл мен 7 қыздың суреті салынған бақсы даңғырасы міндетті түрде қолданылған. Мұндағы тоғыз ұл – түркі текті халықтардың ата-тек жалғастығы ер балалар екендігін меңзейді. Қазақ түсінігінде ол:

...Түріктен өрбіген елді тоғыз дейді,

Тартатын күй аспабын қобыз дейді, - деген аталы сөздер түрінде сақталып қалған. Хакас бақсы-жыраулары даңғыра аспабына тоғыз ұлды бейнелей отырып, түркі тайпаларының бірлігін, туыстығын көрсетеді.

Ал осы жердегі жеті қыздың бейнесін өмір жалғастығы деп түсіну сенімі жатыр (Өлжанов, 1994).

Түйін

1. Дыбысқа еліктеуден туындаған аспаптар: дүңкілдек, дырылдауық, зырылдауық, шартылдауық, шіңкілдек деп аталады.

2. Қыл ішектен жасалуына байланысты: қыл қобыз, нар қобыз (қазақ), қыл қияқ (қырғыз), допшулур (тыва), кяманча (әзірбайжан) т.б.

3. Жасалған затына қарай аталған аспаптар: темир қомуз (қырғыз), саз сырнай, мүйіз керней, қурай, ағаш dümbäk (әзірбайжан).

4. Түркі музыкалық аспап атауларының өзіндік ерекшелігі – түгелдей түркі топырағында қалыптасқан;

5. Түркілік музыкалық аспаптар әр халықтың сан ғасырлық тарихымен сабақтасып, халықтың рухани-мәдени өмірімен үндестікте дамыды;

Қорытынды

Жоғарыда ғылыми тұрғыдан дәйектелген, лингвотанымдық тұрғыдан қарастырылған музыкалық хрематонимдер ұлттық санамен, болмыспен, тарихпен, рухани мәдениетпен, халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен тығыз сабақтасқан жүйелілігін түсінуге жол ашады. Мәдениет, тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүрден туындаған музыкалық аспап атауларының жасалуы – ұлттық ерекшеліктің көрсеткіші саналады. Түркі тілдеріндегі музыкалық хрематонимдер – көне дәуірлерден түркілерге қатысты этникалық ақпарат жеткізетін тарихи, мәдени және рухани қазына. Фольклорлық мәтіндерде музыкалық аспап атауларына қатысты тіл бірліктері ұлт мәдениетін, ұлт дүниетанымын, ұлттық психология мен символиканы бейнелейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

Өлжанов, О. (1994). *Бақсылар, дуаналар*. ДУГ. 1894. №36 // Дала уалаятының газеті. Алматы.

Жәкішева, З. *Қазақтың ішекті-шертпелі және көп ішекті аспаптары* (тарихи-этнографиялық зерттеу). // <http://e-history.kz/kz/contents/view/2323/14.08.2018>.

Жәкішева, З.С. (2008). *Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары*, Алматы.

Кулаковский, А.Е. (1979). *Материалы для изучения верований якутов*, А.Е. Кулаковский. Научные труды, Якутск, С.7-10.

Кыргызские национальные инструменты: неповторимый колорит древности. <https://www.neweurasia.net/12.08.2018>.

Сарыбаев, Б. (1980). *Қазақтың музыкалық аспаптары*, Алматы.

Түркі өнері антологиясы. (2014). Т 89. Түркі академиясы. – Астана,

Утегалиева, С. (2005). *Развитие музыкальной тюркологии на современном этапе*. Вестник АГУ, Выпуск №2 (153), Алматы.

Özet

Her halkın, her milletin müziği tanıma, öğrenme ve gelişme yolları vardır. Türk halklarının tarihi, kültürü, manevi değerleri aynı kökenden gelmektedir, böylece onların ortak Türklük dünya görüşü, milli ideolojisi oluşmuştur. Büyük bozkırda yaşayan göçebe halkımızın asırlar önce kullanılmaya başlanmış müzik enstrümanları doğayla uyumlulukta gelişmiştir. Türk halklarının müzik enstrümanları halkın kültür tarihinden bahsedene bir yadığıdır. Avrasya bozkırındaki göçebe Türklerin müzik kültürü tarihi üç yöntemle inceleniyor: müziksel arkeolojik incelemeler üzerinde, müzik enstrümanlarının resimleri çizilmiş taşlar veya enstrümanların kalıntılarını bulma, müzikle ilgili bilim insanlarının inceleme eserleri üzerinde; müziksel etnografya akımı, halk tarihinden bahsedene eserleri incelemek gibi.

Müzik kültürünün tarihine derinden baktığımızda müzik enstrümanlarının çok çeşitli olması, yapım malzemelerinin: ağaç, demir, toprak, hayvan derisi, kemiği, hatta saçından bile yapılması çok şaşırtıyor. Günümüzde bütün Türk halklarının müzik kültürünü, geleneksel müzik enstrümanlarını incelemek müziksel türkolojinin önemli bir görevidir.

Bütün Türk halkları için ortak müzik enstrümanlarının çeşitlerini, yapımını, benzerliklerini ve farklılıklarını karşılıklı bir şekilde incelemek çok önemlidir.

Anahtar kelimeler: Müziksel türkoloji, Türk müziği, müzik enstrümanları.

(Kortabayeva G., Şayhıstamova M. Müziksel Türkoloji ve Enstrüman Adlarının İnceleme Meselesi)

Аннотация

Каждая нация, каждая страна имеет свою собственную музыку, музыкальную школу, свой собственный путь развития. История, культура и духовные ценности тюркоязычных народов происходят из одного корня, создавая, таким образом, общее тюркское мировоззрение и национальную идеологию. Музыкальные инструменты, начиная с многовековой истории наших кочевых народов, живущих в Великой степи, развивались в гармонии с явлениями природы. Музыкальные инструменты - история жизни людей, обычаи и традиции, мировоззрение, главное наследие искусства, духовное и культурное богатство. На сегодняшний день, музыкальные инструменты тюркских народов входят в число экспонатов истории народной культуры.

Изучение тюркской народной музыки, в том числе традиционных музыкальных инструментов, является одной из важнейших задач музыкальной тюркологии. Важно не только идентифицировать типы, структуры и группы музыкальных инструментов тюркского мира, но и сравнить легендарный, символический тон, различие и сходство священных инструментов.

В статье также рассматриваются функции инструментов, используемые в религиозных ритуалах, убеждениях шаманами.

Ключевые слова: Музыкальная тюркология, тюркская музыка, музыкальные инструменты, лингвистическое изображение.

(Кортабаева Г., Шайхыстамова М. Музыкальная тюркология: проблема исследования названий инструментов)